



сенімді | надежное  
сақтандыру | страхование

"МҰНАЙ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

## СУ КӨЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

"Мұнай сақтандыру компаниясы" АҚ  
Директорлар Кеңесі Бекіткен

2023 жылғы "27" сәуірдегі №02-01/12 хаттама.  
2023 жылғы "5" маусымнан бастап қүшіне енді.

Семей қ.

**МАЗМУНЫ:**

СУ КӨЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ .....	1
ЕРЕЖЕЛЕРІ.....	1
1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ.....	4
3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ, ФРАНШИЗА, САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ.....	4
4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ.....	4
5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНА ЖАТПАЙТАЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ ОҚИҒАЛАР.....	5
6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫң ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ.....	7
7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ.....	7
8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	8
9. САҚТАНУШЫНЫң САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ӘРЕКЕТТЕРІ.....	10
10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫң БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТАЫН ҚҰЖАТТАРДЫң ТІЗБЕСІ.....	10
11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ.....	11
12. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ.....	12
13. ФОРС-МАЖОР.....	13
14. СУБРОГАЦИЯ.....	13
15. ҚОСАРЛАНҒАН САҚТАНДЫРУ.....	14
16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ.....	14
17. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР.....	14

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Мұнай сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамы, бұдан әрі - "Сақтандырушы" деп атала "Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес және осы Ережелердің негізінде су көлігін ерікті сақтандыруды жүзеге асырады.

1.2. Сақтандырудың мақсаты сақтандыру сомасы шегінде және алдын ала енгізілген сақтандыру сыйлықақысы үшін сақтанушыға менишік, иелену немесе пайдалану құқығымен тиесілі су көлігі құралдарын айдап әкету немесе ұрлауды қоса алғанда, сақтандыру сомасы шегінде және алдын ала енгізілген сақтандыру сыйлықақысы үшін су көлігі иелерінің мұліктік мұдделерін қорғау, залалдың ішінара немесе толық өтемақысы мөлшерінде төлемдер жүргізу, сондай-ақ осы сақтандыру Ережелерінде немесе сақтандыру Шартында көрсетілген өзге де сақтандыру қызметтерін ұсыну болып табылады.

### 1.3. Ережелерде қолданылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1.3.1. **Сақтандырушы** - "Мұнай сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар занда тұлға, "Мұнай сақтандыру компаниясы" Акционерлік қоғамы.

1.3.2. **Сақтануышы**-су көлігінің менишік иесі немесе иеленушісі болып табылатын, оны сақтандырушыдан сақтандырган занда немесе жеке тұлға.

1.3.3. **Сақтандыру жағдайы**-сақтандыру төлемін жүзеге асыру қажеттілігіне, сондай-ақ су көлігінің хабар-ошарсыз кетуіне әкеп соққан кенеттен күтпеген инцидент немесе оқиға.

1.3.4. **Сақтандыру сыйлықақысы**-сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтанушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.

1.3.5. **Сақтандыру сомасы**-сақтандыру обьектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін қаражат сомасы.

1.3.6. **Сақтандыру құны** (нарықтық құны) - сақтандыру шарты жасалған күні су кемесінің орналасқан жеріндегі құны.

1.3.7. **Сақтандыру төлемі**-сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде төлейтін қаражат сомасы.

1.3.8. **Сақтандыру шарты**-сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы Келісім, оған байланысты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе пайдасына сақтандыру шарты жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

1.3.9. **Интернет-ресурс**-мәтіндік, графикалық, аудио визуалды немесе өзге де түрде көрсетілетін, аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылатын, бірегей желілік мекенжайы және (немесе) домендік атавы бар және Интернетте жұмыс істейтін электрондық ақпараттық ресурс. Сақтандырушының Интернет-ресурсы мына мекенжайда орналастырылған: [www.nsk.kz](http://www.nsk.kz)

1.3.10. **Электрондық сақтандыру шарты**-мемлекеттік органдардың және оларға ведомстволық бағынысты ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен алынған, БҚҚБ ақпараттық жүйесімен интеграцияланған деректермен бірыңғай сақтандыру дерекқоры (бұдан әрі-БҚҚБ) арқылы өткізу жолымен өтініште көрсетілген мәліметтерді салыстыру (верификациялау) әдістері бойынша дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым берген сақтандыру шартының бірегей нөмірі.

1.3.11. **Франшиза**-сақтандыру шартында айқындалған шығындардың бір бөлігі Сақтандырушының Сақтанушыға немесе сақтандыру шартының талаптарына сәйкес мұддесі сақтандырылған өзге тұлғаға өтеуіне жатпайды және сақтандыру сомасының белгілі бір пайызы түрінде немесе белгіленген мөлшерде белгіленеді. Франшиза шартты (шегерілмейтін) және шартсыз (шегерілетін) болып табылады және сақтандыру сомасына пайызben немесе абсолютті мөлшерде белгіленеді. Шартсыз франшиза кезінде франшизаның белгіленген сомасынан кем немесе оған тең залал өтмелейді, ал франшизаның белгіленген сомасынан артық залал сомасы мен франшизаның белгіленген сомасы арасындағы айырма мөлшерінде өтеледі. Шартты франшиза кезінде франшизаның белгіленген сомасынан кем немесе оған тең залал өтмелейді, ал франшизаның белгіленген сомасынан артық залал залалдың толық сомасы мөлшерінде өтеделі.

## 2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1. Су көлігін, оның ішінде сақтандырылған кеменің ажырамас бөлігі болып табылатын сыртқы қаңқасы, тетіктерді, машиналар мен жабдықтарды (бұдан әрі – су көлігі) айдаپ әкету немесе ұрлауды қоса алғанда, Сақтанушының бүлінуіне, жойылуына және/немесе жоғалуына байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.

## 3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ, ФРАНШИЗА, САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ

- 3.1. Сақтандыру сомасының мөлшері, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сараптамалық жұмыстарды орындауға лицензиясы бар адамның/ұйымның қорытындысы негізінде сақтандыру шартын жасасу сәтіндегі су көлігінің нарықтық құнымен айқындалады.
- 3.2. Егер сақтандыру сомасы шарт жасалған күнгі су көлігінің нақты құнынан аз болса, онда сақтандыру төлемі сақтандыру сомасының шарт жасалған күнгі су көлігінің нақты құнына қатынасына барабар жүргізіледі. Егер сақтандыру сомасы шарт жасалған күнгі су көлігінің нақты құнынан асып кетсе, сақтандыру шарт жасалған күнгі су көлігінің нақты құнынан асатын бөлігінде жарамсыз болып табылады. Сақтандыру сомасының су көлігінің нақты құнына сәйкес келмеу фактісін сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде белгілеуі мүмкін.
- 3.3. Сақтандыру шартын жасасу кезінде шартты немесе шартсыз шегерім белгіленуі мүмкін, яғни Сақтанушының залалды өтеуге өзінің қатысуы. Франшиза сақтандыру сомасының пайзызымен де, белгіленген сома түрінде де белгіленуі мүмкін. Франшиза мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді және сақтандыру шартында көрсетіледі.
- 3.4. Шартсыз франшиза кезінде франшизаның белгіленген сомасынан кем немесе оған тең залал өтелмейді, ал франшизаның белгіленген сомасынан артық залал сомасы мен франшизаның белгіленген сомасы арасындағы айырма мөлшерінде өтеледі.
- 3.5. Шартты франшиза кезінде франшизаның белгіленген сомасынан кем немесе оған тең залал өтелмейді, ал франшизаның белгіленген сомасынан артық залал залалдың толық сомасы мөлшерінде өтеледі.
- 3.6. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу біржолғы не бөліп төлеу арқылы Сақтандырушының банктік шотына ақша аудару жолымен не Сақтандырушының кассасына қолма-қол ақшамен жүргізіледі. Сақтандыру сыйлықақысы бөліп төленген жағдайда, сақтандыру шартында шартта белгіленген мерзімде кезекті сақтандыру жарнасын төлемегені үшін тұрақсыздық айыбы белгіленуі мүмкін.
- 3.7. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын/бірінші сақтандыру жарнасын төлеу міндеті Тараптардың үекілетті өкілдері сақтандыру шартына қол қойған құннен бастап туындаиды.

## 4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- 4.1. Сақтандыру жағдайы-сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға.
- 4.2. Осы Ережелерде және сақтандыру Шартында көзделген оқиғалар нәтижесінде су көлігінің зақымдануы, жоғалуы және/немесе жойылуы сақтандыру жағдайы деп танылады.
- 4.3. **Толық жойылу және зақымдану үшін жауапкершілігі бар сақтандыру жағдайы.**  
Бұл ретте келесілер өтеуге жатады:
- 4.3.1. еңсерілмейтін күш әрекетінің немесе кемені пайдалану және сақтау кезеңінде кездейсоқ сипаттағы өзге де мән-жайлардың салдарынан кеменің толық жойылуы (нақты немесе конструктивтік) салдарынан болған залалдар;
- 4.3.2. кемені пайдалану және сақтау кезеңінде еңсерілмейтін күш әрекетінің немесе кездейсоқ сипаттағы өзге де мән-жайлардың нәтижесінде алынған кеме корпусының, механизмдерінің, машиналарының, жабдықтарының зақымдануын жою жөніндегі шығыстар;
- 4.3.3. кеменің хабар-ошарсыз жоғалуы, кемені тұтастай да, оның жекелеген бөліктерін ұрлау немесе оны толығымен айдаپ әкету салдарынан болған залалдар;
- 4.3.4. сақтандырылған кемеге қатысты үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері нәтижесінде кеменің зақымдануы немесе толық жойылуы салдарынан болған залалдар;

- 4.3.5. кемені құтқару бойынша қажетті және орынды шығыстар;
- 4.3.6. егер мұндай залалдар сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайынан туындаса, залалдардың алдын алу, азайту немесе олардың мөлшерін белгілеу бойынша қажетті және орынды шығыстар.
- 4.3.7. кеменің толық жойылуы немесе зақымдануы салдарынан, өрт немесе өздігінен жану салдарынан болған залалдар;
- 4.3.8. кеменің толық жойылуы немесе дүлей зілзалараптың салдарынан бүліну салдарынан болған залалдар;

**4.4. "Толық жойылуы үшін жауапкершілікті сақтандыру жағдайы".**

Бұл ретте өтеуге жатады:

- 4.4.1. еңсерілмейтін күш әрекетінің немесе кездейсоқ сипаттағы өзге де мән-жайлардың нәтижесінде кеменің толық жойылуы (нақты немесе конструктивтік) салдарынан болған залалдар;
- 4.4.2. кеменің хабар - ошарсыз жоғалуы, кемені ұрлау немесе айдал әкету салдарынан болған залалдар;
- 4.4.3. сақтандырылған кемеге қатысты үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері нәтижесінде кеменің толық жойылуы салдарынан болған залалдар;
- 4.4.4. кемені құтқару бойынша қажетті және орынды шығыстар;
- 4.4.5. егер мұндай залалдар сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайынан туындаса, залалдардың алдын алу, азайту немесе олардың мөлшерін белгілеу бойынша қажетті және орынды шығыстар.
- 4.4.6. кеменің толық жойылуы немесе зақымдануы салдарынан, өрт немесе өздігінен жану салдарынан болған залалдар;
- 4.4.7. кеменің толық жойылуы немесе дүлей зілзалараптың салдарынан бүліну салдарынан болған залалдар;
- 4.5. Осы ережелердің негізінде және Сақтанушының өтінішіне сәйкес барлық тәуекелдер бір уақытта, бірнеше таңдау бойынша немесе әрқайсысы жеке сақтандыру шарты бойынша сақтандырылуы мүмкін.

- 4.6. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да тәуекелдер көзделуі мүмкін. Сақтандырылған тәуекелдер мен оқиғалардың толық тізбесі сақтандыру Шартында көрсетіледі.

**4.7. Сақтанушы қосымша сақтандыруы мүмкін:**

- 4.7.1. портқа келтірілген залал немесе мәжбүрлі кіру салдарынан су көлігін құтқару кезінде келтірілген ақылға қонымды шығыстар;
- 4.7.2. сақтанушының жоғалған деп есептелген сақтандырылған су көлігін іздеуді және табуды жүзеге асыру кезінде немесе ол туралы мәліметтер болмаған кезде рейс ұзақтығының ең жоғары мерзімінен асқаннан кейін шеккен шығыстары;
- 4.7.3. жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жұмыскерлерді, материалдарды, құралдар мен жабдықтарды жөндеу кезінде су көлігі орналасқан жерге тасымалдау жөніндегі шығыстар немесе жөндеу жүргізілетін жерге негұрлым қолайлы экономикалық тәсілмен су көлігін немесе зақымдалған бөлшектерді тасымалдау жөніндегі ақылға қонымды шығыстар;
- 4.7.4. сақтандыру жағдайынан кейін су көлігі тікелей қалпына келтірілгеннен кейін пайдалануға жарамдылығы туралы куәлік алуға байланысты жаттығу рейстеріне немесе басқа рейстерге арналған шығыстар;
- 4.7.5. су көлігін өз портына немесе оқиға орнынан ең қолайлы жақын портқа қайтару.

**5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫШЕКТЕУ ОҚИҒАЛАР**

- 5.1. Сақтандырумен моральдық зиян, Сақтанушының жоғалған пайдасы, шығындар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы), су көлігінің тауарлық түрінің жоғалуы қамтылмайды.
- 5.2. Осы Ережелерге сәйкес сақтандыруға қабылданбайды:
- 5.2.1. жұзуге жарамдылығы туралы куәлігі жоқ су көлігі;
- 5.2.2. әуесқойлық құрастырылған су көлігі;
- 5.2.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіптен тіркелмеген су көлігі;

- 5.2.4. эксперименттік кемелер;
- 5.2.5. талап етілетін өкілеттіктері жоқ адам пайдаланатын су көлігі;
- 5.2.6. егер демонстрациялық көрсетілімдерді орындау уақытына су көлігін сақтандырудың арнайы шарты жасалмаса, демонстрациялық көрсетілімдерде пайдаланылатын су көлігі.
- 5.3. егер сақтандыру жағдайы келесілер салдарынан болған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:
- 5.3.1. Сақтанушының нормативтік құжаттарда белгіленген су көлігін ұстауға, күзетуге, жөндеуге және техникалық пайдалануға қойылатын талаптарды бұзуы;
- 5.3.2. әскери немесе азаматтық биліктің өкімі бойынша су көлігін тәркілеу, реквизициялау, қамауға алу, жою немесе бүлдіру;
- 5.3.3. белгіленген тәртіппен техникалық тексеруден өтпеген техникалық ақаулы көлік құралын, сондай-ақ жүктің нақты түрін тасымалдауға жарамсыз көлік құралын пайдалану салдарынан туындаған залал;
- 5.3.4. сақтанушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған қасақана іс-әрекеттері;
- 5.3.5. Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайына себеп-салдарлық байланыстағы қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері.
- 5.3.6. су көлігін мақсатына сай пайдаланбау;
- 5.3.7. әскери іс-қимылдардың немесе әскери іс-шаралардың және олардың салдарларының, терроризм актісінің кез келген түрі; зымырандармен, снарядтармен, бомбалармен, басқа да құралдармен, соғыс және әскери қақтығыс операцияларын жүргізу құралдарымен, қарақшылық әрекеттермен, су көлігін күштеп айдан әкету және басып алу құралдарымен, сондай-ақ азаматтық соғыс, халық толқулары, көтерілістер, бүліктер, жаппай тәртіпсіздіктер салдарынан су көлігін зақымдау немесе жою қарақшылардың су көлігін басып алуы немесе қарақшылықтың өзге де тәуекелдері, сондай-ақ су көлігін қарақшылықпен басып алумен байланысты жалпы немесе жеке апаттар бойынша шығыстар.
- 5.4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына қосымша келесілер негіз болып табылады:
- 5.4.1. қалыпты тозу, өндірістік ақау немесе ақау салдарынан болатын зақым;
- 5.4.2. қалыпты тозу ретінде қарастырылатын бөгде заттардың түсін нәтижесінде қозғалтқышқа келтірілген ұзаққа созылған зақым;
- 5.4.3. Сақтанушының сақтандырылған су көлігі, сақтандыру тәуекелі және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді сақтандырушыға хабарлауы;
- 5.4.4. сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы қабілетті болған, бірақ залалды алдын алмаған бөлігінде сақтандырылған мүлікті құтқару жөнінде шаралар қолданбауы;
- 5.4.5. Сақтанушының, әрекеті су көлігіне зиян келтірғен адамнан тиісті өтемақы алуы;
- 5.4.6. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу жағдайларын анықтауға және келтірілген залалдың мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
- 5.4.7. егер су көлігін тиісті өкілеттіктері жоқ адам басқарса;
- 5.4.8. егер су көлігі әкипаж құрамы толық болмаған кезде рейс орындалған болса;
- 5.4.9. егер жеткілікті біліктілігі жоқ және су көлігін басқаруға құқыры жоқ адам су көлігінің командирі болып тағайындалса;
- 5.4.10. командир мен әкипаж рейстің қауіпсіздігін, су көлігінің және оның бортындағы адамдар мен мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдамауы;
- 5.4.11. егер су көлігі борттық апаттық-құтқару құралдарымен жабдықталмаған болса;
- 5.4.12. ядролық сәулеленудің немесе радиоактивті ластанудың әсері;
- 5.4.13. Шартта, сақтандыру Ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа жағдайларда.
- 5.4.14. кемені жер үсті көлігімен тасымалдау, кемені су көлігімен жұқ ретінде немесе сүйрету арқылы тасымалдау (кемені құтқару жағдайларынан басқа) процесінде, сондай-ақ кемені суға түсіру және стапельге (не кемені сақтауға арналған басқа да айла бұйымға), авто тіркемеге (кемені тасымалдау үшін не басқа обьектіге) көтеру процесінде болған оқиғалар салдарынан кеменің жойылуы немесе зақымдануы;
- 5.4.15. ұрлық, жымқыру, жоғалту, аспалы қозғалтқыштан тыс құлау;
- 5.4.16. кеменің жарыстарға, регаттарға және басқа да осындај жарыстарға қатысуы, сондай-ақ оқыту үшін пайдаланылуы.

- 5.4.17. келесілер салдарынан қалыптасқан инциденттер нәтижесінде келтірілген залалдар мен шығындар өтмелейді және олар сақтандыру жағдайы болып табылмайды;
- 5.4.18. егер бұл туралы Сақтанушыға, пайда алушыға, меншік иесіне немесе олардың өкілдеріне кеме ресеке шыққанға дейін белгілі болған немесе білуге тиіс болған, кеменің жүзбеушілдігі;
- 5.4.19. кеме корпусының, оның бөліктерінің, машиналардың, жабдықтардың немесе керек-жарақтардың тозуы, тат басуы; (тексеру керек, Ережеде тармақтың бір бөлігі бар);
- 5.4.20. оның сыйныбында көзделмеген/ұсынылмаған жағдайларда кемені пайдалану, сондай-ақ кеменің жіктеу қоғамының талаптарын/ұсынымдарын бұза отырып пайдалану;
- 5.4.21. кемені және еkipажды күтімі;
- 5.4.22. егер ақау кеменің жойылуына әкелмесе немесе оның корпусына, механизмдеріне, машиналары мен жабдықтарына зақым келтірмесе, кеменің тұтастай да, оның жекелеген бөліктеріндегі де кез келген ақауларды жою;
- 5.4.23. көтерілген желкендердің және/немесе қорғаныш қақпақтарының, егер бұл олар бекітілетін рейдің сыйнуына, кеменің қайырға қонуына, кез келген объектілермен соқтығысына, сондай-ақ өртке немесе жарылысқа байланыссыз жоғалуы;
- 5.4.24. егер ол соқтығысдан, құрлыққа қонудан, су басудан, жарылыстан, өрттен туында маса, ішкі әрлеу мен жабдықтың (бас қозғалтқыштан, сондай-ақ штаттық навигациялық және басқа да штаттық жабдықтан басқа) зақымдануы;
- 5.4.25. сақтандырылған кемедегі жүктің, кез келген қорлардың (отын, азық-түлік және басқалар) және өзге де мұліктің зақымдануы және/немесе жойылуы;
- 5.4.26. өндіруші белгілеген пайдалану қағидаларын және техникалық қызмет көрсету жөніндегі талаптарды, сондай-ақ гидроциклдер үшін су соққысын бұзы салдарынан болған қозғалтқыштардың, машиналар мен жабдықтардың зақымдануы;
- 5.4.27. кепілге алынғандарды босату мақсатында Сақтанушы мәжбүрлеуге болатын төлемдер;
- 5.5. Сақтандыру шартының талаптарын, сақтандыру ережелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерін сақтамау сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға әкеп соғады.

## 6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

- 6.1. Егер сақтандыру шартында өзгесі көрсетілмесе, сақтандыру Шарты 12 (он екі) айға жасалады.
- 6.2. Сақтандыру шарты сақтандыру сыйлықақысы төленген күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақысын төлеу күні Сақтандырушының банк шотына немесе кассасына қаражат түскен күн болып есептеледі. Сақтандыру қорғанысы, егер сақтандыру шартында өзгеше көрсетілмесе, сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарнасы төленген күннен кейінгі күннен бастап қолданылады.
- 6.3. Егер сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, сақтандыру Шарты Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады.
- 6.4. Сақтандыру шарты сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің соңғы күнінде қолданысын тоқтатады.
- 6.5. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру Шарты бұл туралы Тараптардың бірі екінші Тарапқа сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабарлаған жағдайда келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

## 7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 7.1. Сақтандыру шарты Сақтанушының жазбаша өтініші, су көлігіне тіркеу құжаттары, су көлігін тексеру актісі және Сақтанушының су көлігіне заттық құқығын растайтын құжаттар негізінде жасалады. Өтініште су көлігі туралы барлық қажетті мәліметтер болуы керек. Сақтанушы сақтандырылатын су көлігіне қатысты тәуекел дәрежесін айқындау мақсатында сақтандырушы қойған барлық сұрақтарға жауап беруге міндетті. Сақтанушының өтініші және су көлігін тексеру актісі сақтандыру шартының ақырамас бөлігі болып табылады.
- 7.2. Алынған мәліметтер негізінде Сақтандырушы сақтандыру Шартын жасасу туралы шешім қабылдайды.
- 7.3. Сақтандыру шарты келесі жолмен жасалады:
- 7.4. жазбаша түрде;
- 7.5. Тараптар өзара шарт құрастыруымен;
- 7.6. электрондық нысанда беруі келесі жолмен жүзеге асады:

- сақтандыру Ережелеріне біржақты тәртіппен қосылу және Сақтандырушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде шартты ресімдеу (Бұл тармақ компанияның басқару органының ерекше өкіміне дейін қолданылмайды);
- сақтандыру Ережелеріне біржақты тәртіппен қосылу және сақтандырушының интернет-ресурсында шартты ресімдеу (Бұл тармақ компанияның басқару органының ерекше өкіміне дейін қолданылмайды).

- 7.7. Сақтандыру шартын жасасу үшін сақтанушы сақтандырушыға жазбаша өтінішпен жүгінеді немесе сақтандырушының интернет-ресурсында тиісті нысанды толтырады, шарт жасасу және сақтандыру тәуекелін бағалау үшін қажетті деректерді хабарлайды (толтырады).
- 7.8. Сақтандыру шартын ресімдеу үшін Сақтандырушы сақтандыруға арналған өтініште көрсетілген және тәуекел дәрежесін сипаттайтын деректерді, оның ішінде қолданыстағы сақтандыру шарттарының болуын раставтын қосымша құжаттарды талап етуі мүмкін.
- 7.9. Сақтандыру шартында Сақтандырушының қолы механикалық немесе өзге де көшіру құралдарының, электрондық қолтақбаның көмегімен факсимильді жаңғырту жолымен орындалуы мүмкін.
- 7.10. Шартты Сақтандырушының интернет-ресурсында ресімдеу кезінде төлем банк карточкасы арқылы жүргізіледі. Эмитент-банк сақтандырушыны растиғаннан кейін шарт жасалды және БСДҚ-ға берілді деп есептеледі.
- 7.11. Шартты электрондық нысанда ресімдеу кезінде Сақтанушының электрондық пошта мекенжайына сақтандыру сертификаты түріндегі хабарлама жіберіледі, бұл ретте шарттың жазбаша нысаны қажет болған жағдайда Сақтанушы "МСК" АҚ-ның жақын бөлімшесінен ала алады. Соңдай-ақ, сақтанушының сақтандырушының интернет-ресурсы шарты бойынша ақпаратты мына мекенжай бойынша: [www.nsk.kz](http://www.nsk.kz) "саясатты тексеру" бөлімінде немесе жеке кабинетте тексеру мүмкіндігі бар.
- 7.12. Сақтандыру шартын жасасу, сақтандыру шарттарын өзгерту кезінде сақтанушы су көлігін тексеру үшін ұсынуға міндетті. Сақтандыру шартын жасасу сәтінде зақымдануы бар су көлігінің бөлшектері (тораптар, агрегаттар) үшін сақтандырушы жауапты болмайды.

## 8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

### 8.1. Сақтандырушы міндеттері:

- 8.1.1. Сақтанушыны сақтандыру Ережелерімен таныстыру;
- 8.1.2. сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтанушыға осы Ережелер мен сақтандыру Шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асырудан жазбаша дәлелді бас тартуды жіберу;
- 8.1.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтанушы және оның мүліктік жағдайы туралы мәліметтерді жария етпеу;
- 8.1.4. Сақтанушыға/Сақтандырылуышыға сақтандыру жағдайында шығындарды азайту үшін жұмсаған шығындарын өтегу;
- 8.1.5. сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;
- 8.1.6. Сақтанушы/пайда алушы / сақтандырылуышы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, соңғы құжат қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оларды жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар ету;
- 8.1.7. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтініш берілген сәттен бастап күнтізбелік 60 күн өткеннен кейін Сақтанушыға/Пайда алушыға құжаттарды Сақтандырушыға беру қажеттігі туралы еске сала отырып, электрондық мекенжайға (немесе өтініште көрсетілген мекенжай бойынша қолма-қол) хат жіберу әдісімен тиісті түрде хабардар ету.
- 8.1.8. сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартқан жағдайда сақтанушыға/ пайда алушыға сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асырудан жазбаша дәлелді бас тарту жіберу.
- 8.1.9. сақтандыру Шартында, сақтандыру Ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасау.

### 8.2. Сақтанушы міндеттері:

- 8.2.1. сақтандыру сыйлықақысын / сақтандыру жарналарын уақтылы төлеу;
- 8.2.2. сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлау;

- 8.2.3. егер бұл өзгерістер мүліктік сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушыға шарт жасасу кезінде хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы сақтандырушыға дереу хабарлау;
- 8.2.4. сақтандырушыға бұлған су көлігін жөндеуге дейін немесе оған заттық құқықтардан бас тартқанға дейін ұсыну;
- 8.2.5. сақтандыру төлемін алған кезде су көлігі айдан әкетілген, ұрланған немесе жойылған жағдайда, сақтандырушыға су көлігіне қатысы бар барлық құжаттардың түпнұсқаларын беру;
- 8.2.6. егер сақтанушыға сақтандыру төлемінен кейін ұрланған су көлігі қайтарылса не залалды оның келтірушісі өтесе, осы су көлігін жөндеуге (қалпына келтіруге) арналған шығыстарды шегергенде, алынған сақтандыру төлемін сақтандырушыға қайтару;
- 8.2.7. егер талап қою мерзімі ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы немесе осы сақтандыру Ережелері бойынша сақтанушыны немесе пайда алушыны сақтандыру төлемін алу құқығынан толық немесе ішінара айыратын мән-жай анықталса, алынған сақтандыру төлемін сақтандырушыға толық көлемде немесе ішінара қайтару;
- 8.2.8. егер сақтандыру шартында өзгеше көрсетілмесе, сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ келтірілген залалды дәлелдеу ауыртпалығын көтеруге, оның ішінде сараптама жүргізу, сарашылардың оқиға орнына баруы, мамандарды тарту және консультациялар беру, қажетті құжаттарды жинау және т. б. бойынша шығыстарды көтеру;
- 8.2.9. сақтандыру шартын жасасу кезінде және оның қолданылу кезеңінде сақтандырушыға осы сақтандыру объектісіне қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша қолданыстағы/жасалатын барлық сақтандыру шарттары туралы хабарлау;
- 8.2.10. сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығын сақтандырушыға көшуді қамтамасыз ету;
- 8.2.11. Сақтандыру жағдайы немесе сақтандыру шарты бойынша өтелуге жататын залал мен шығыстарға әкеп соғуы мүмкін оқиға туындаған кезде сақтанушы қалыптасқан жағдайларда залалдың алдын алу немесе азайту жөнінде ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қабылдауға міндетті. Сақтанушы сақтандырушыға немесе оның өкіліне сақтандыру жағдайының басталғаны туралы дереу хабарлауы керек және егер мұндай нұсқаулар оларға берілсе, сақтандырушының нұсқауларын орындауы керек;
- 8.2.12. сақтандыру шартында, сақтандыру ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасау.

### **8.3. Сақтандырушының құқықтары:**

- 8.3.1. Сақтанушы ұсынған ақпаратты, сондай-ақ сақтандыру ережелері мен сақтандыру шарты талаптарының орындалуын тексеру;
- 8.3.2. сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу фактісін куәландыратын, сондай-ақ залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды талап етуге;
- 8.3.3. қажет болған жағдайда сақтандыру жағдайының басталу фактісін, себептерін, мән-жайларын және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын тиісті құжаттар мен ақпаратты ұсыну туралы құзыретті органдарға сұрау салулар жіберу;
- 8.3.4. сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтау;
- 8.3.5. зақымдалған су көлігін тексеруді немесе тексеруді жүргізу, сондай-ақ залалдың себептері мен мөлшерін анықтау бойынша өзге де әрекеттерді жүзеге асыру;
- 8.3.6. сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту, осы сақтандыру Ережелеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уәкілдегі органдардың деректері мен құжаттары негізінде төлемді кейінге қалдыру;
- 8.3.7. тексеру үшін Сақтанушының қалпына келтірілген су көлігін көрсетуді талап етуге, Сақтанушы осы талапты орындаудан бас тартқан жағдайда, сақтандырушы су көлігінің тораптары мен бөлшектерінің осындағы кейінгі зақымдануы үшін жауапты болмайды;
- 8.3.8. Сақтанушының құқықтарын қорғауды өз мойнына алу және сақтандыру жағдайына байланысты барлық істерді жүргізу, сондай-ақ сақтанушының атынан сот ісін қозғау және жүргізу. Бұл жағдайда сақтанушы сақтандырушыға ықтимал көмек көрсетуге міндетті;
- 8.3.9. сақтандыру Ережелеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сақтандыру Шартын мерзімінен бұрын бұзу;
- 8.3.10. сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу кезінде төленбegen кезекті сақтандыру журнالарын шегергенде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу;
- 8.3.11. Сақтандырушы сақтанушы тәуекел дәрежесін айқындау үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді хабарламаған кезде немесе оларға қате мәліметтер хабарлаған кезде

- сақтандыру шартын орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте, егер сақтанушы оларға мәліметтерді хабарламау немесе дұрыс емес мәліметтерді хабарлау оның кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, сақтандыру сыйлықақысы сақтандырушыға тиесілі болады;
- 8.3.12. келтірілген зиянның мөлшерін бағалау және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалану;
- 8.3.13. сақтандыру шартында, сақтандыру ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасау;
- 8.3.14. сақтандыру жағдайының басталу фактісін және осы Ережелердің 10-тарауында баяндалған залалдың мөлшерін растайтын құжаттар сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтініш берілген кезден бастап 90 күнтізбелік күн өткен соң ұсынылмаған жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту.

#### **8.4. Сақтанушының құқықтары:**

- 8.4.1. Осы Ережелермен танысу;
- 8.4.2. сақтандырушыдан сақтандыру шарты бойынша сақтандыру шарттарын, өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап ету;
- 8.4.3. сақтандыру ережелеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу;
- 8.4.4. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуына шағым айту;
- 8.4.5. сақтандыру шартында, сақтандыру ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасау.

### **9. САҚТАНУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ӘРЕКЕТТЕРІ**

Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндеттері:

- 9.1. су көлігін құтқару, залал қаупін азайту және қосымша залалдың туындауына ықпал ететін себептерді жою бойынша ықтимал шараларды дереу қабылдау;
- 9.2. жағдайың басталғаны туралы тиісті үекілетті органдарға дереу хабарлау;
- 9.3. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға З (ұш) жұмыс күні ішінде, бірақ су көлігін айдалап әкету немесе ұрлау кезінде 24 (жыырма төрт) сағат ішінде жазбаша нысанда хабарлау;
- 9.4. залал келтіру факті бойынша құзыретті органдардың қабылдаған шаралары туралы сақтандырушыға хабарлау (тергеу, сотқа шақыру, тексеру жүргізу және есеп жасау үшін шақыру және т. б.);
- 9.5. шығын келтіруге жауапты адамға талап ету құқығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті, мүмкін және ақылға қонымды шараларды қабылдау;
- 9.6. зақымдалған су көлігін сақтандыруши (оның өкілетті өкілі) тексергенге дейін сақтандыру жағдайының басталуының нәтижесінде болған күйінде сақтау. Сақтанушы келтірілген залалдың көрінісін тек қауіпсіздік, залалдың мөлшерін азайту немесе Сақтандырушының жазбаша келісімі болған жағдайдағанда өзгертуге құқылы;
- 9.7. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалдарды үшінші тұлғалардан алғаны, қандай да бір өтегені (өтемақысы) туралы дереу жазбаша хабардар ету;
- 9.8. су көлігі бүлінген/жойылған кезде су көлігін және/немесе оның қалдықтарын сақтандырушының не сараптама жұмыстарын жүргізуге лицензиясы бар сарапшының қаруы үшін ұсынуға.

### **10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ**

- 10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемі туралы мәселені қару үшін сақтанушы сақтандырушыға мынадай құжаттарды беруге міндетті:
- 10.1.1. сақтанушының сақтандыру жағдайы туралы жазбаша өтініші;
- 10.1.2. Сақтандыру шарты; су көлігіне тіркеу құжаттары;
- 10.1.3. су көлігін басқару құқығын, сақтандыру жағдайы кезінде су көлігін басқарған адамның жеке басын қуәланыратын құжаттар (егер сақтандыру жағдайы оның қатысуымен болған болса);
- 10.1.4. сақтандыру оқиғасының басталу факті туралы акт;
- 10.1.5. тиісті лицензиясы бар тәуелсіз сарапшы жүргізген сараптамалық бағалау акті;

- 10.1.6. құзыретті органдардың тиісті құжаттарының түпнұсқалары немесе уәкілетті тұлғалар куәландырыған көшірмелері (ішкі істер органдарының, прокуратура, тергеу, анықтау органдарының; сот органдарының; өрт қадағалау органдарының; медициналық мекемелердің құжаттары және т. б.);
- 10.1.7. сақтандыру оқиғасын растайтын басқа да ресми құжаттар (актілер, қорытындылар, анықтамалар, кеме журналы немесе кеме журналынан үзінді көшірмелер, оқиға кезіндегі бас қозғалтқыштың жұмыс режимі туралы машиналық журналдан үзінді көшірмелер, радиотелеграф журналынан (немесе апарттар кезіндегі Ғаламдық теңіз байланыс жүйесінің радиожурналынан) апарттық оқиға туралы берілетін және алынатын хат-хабарлар туралы үзінді көшірмелер және т. б.);
- 10.1.8. жұмсалған шығыстарға арналған құжаттар;
- 10.1.9. сақтандырушының келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға регрессиялық талап қою құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті құжаттар.
- 10.2. Су көлігін айдал әкету немесе ұрлау кезінде Сақтанушы келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:
- 10.2.1. З (ұш) жұмыс күні ішінде: су көлігіне тіркеу құжаттарының түпнұсқалары;
- 10.2.2. Сақтанушының ішкі істер органдарына су көлігін айдал әкету немесе ұрлау туралы жазбаша өтінішінің көшірмесі;
- 10.2.3. құзыретті органдардың құжаттарының түпнұсқалары немесе уәкілетті тұлғалар куәландырыған көшірмелері (қылмыстық іс қозғау, кінәлі тұлғаларды анықтау туралы анықтама және т. б.);
- 10.2.4. Сақтанушының Сақтандырушының пайдасына мүлік ретінде су көлігінен бас тарту туралы жазбаша өтініші.
- 10.3. егер олар үшін көзделген болса, ұсынылған құжаттарды жасау тәртібі мен нысаны, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болуға тиіс. Егер сақтандыру Ережелерінде/ шартында өзгеше көзделмесе, құжаттар сақтандырушыға түпнұсқада не нотариалды куәландырылған немесе түпнұсқалық мөрмен куәландырылған және құзыретті ұйымның уәкілетті тұлғасы қол қойған көшірме түрінде ұсынылады.
- 10.4. Егер ұсынылған құжаттар мен мәліметтерде сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін, оның ішінде сақтандыру шарты бойынша өтелуге жататын келтірілген зиянның мөлшерін айқындау, зиян келтіруге әкеп соққан сақтандыру оқиғасының сипаттын, себептері мен мән-жайларын белгілеу, сақтандырушының зиян келтірген тұлғаға (зиян келтіруге жауапты) талап ету құқығын іске асыруы үшін қажетті ақпарат қамтылмаған жағдайда сақтандырушы сақтанушыға/пайда алушыға сақтандыру төлемі/сақтандыру төлемінен бас тарту туралы негізделген шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты сұрату себептерін түсіндіре отырып, дәлелді хат жіберу арқылы қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

## 11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖУЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ.

- 11.1. Сақтандыру төлемі нақты залал мөлшерінде жүзеге асырылады, бірақ сақтандыру сомасынан жоғары болмайды.
- 11.2. Залалдың мөлшерін сақтандырушы не тиісті лицензиясы бар сарапшы айқындаиды.
- 11.3. Егер бүлінген су көлігін қалпына келтіру құны бұл қалпына келтіруді экономикалық түрғыдан тиімсіз етсе (жөндеу құны сақтандыру жағдайы кезіндегі су көлігінің нақты құнының 60% - % асатын болса), соңдай-ақ ол жойылған жағдайда сақтандырушы төлей алады:
- 11.3.1. Сақтанушы Сақтандырушыға одан әрі пайдалануға жарамды қалдықтарды берген жағдайда, сақтандыру жағдайы кезіндегі бүлінген су көлігінің нақты құны;
- 11.3.2. Сақтандыру жағдайы кезіндегі бүлінген су көлігінің одан әрі пайдалануға жарамды қалдықтардың құнын шегергенде нақты құны. Сақтанушы жарамды бөлшектердің құнын анықтау бойынша шығындарды көтереді. Сақтандыру төлемі Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында жоқ (ауыстырылған) бөлшектер мен агрегаттардың құнын шегергенде, олардың болмауы және/немесе бүлінуі сақтандыру жағдайына қатысы жоқ су көлігін қабылдау-буру актісі жасалғаннан кейін жүргізіледі. Меншік құқығын және/немесе мүлікті/жарамды қалдықтарды беруге байланысты барлық шығыстар сақтандырумен жабылмайды. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін мүлікке меншік құқығы сақтандырушыға өтеді және Шарттың қолданылуы тоқтатылады;
- 11.4. Айдал әкету немесе ұрлау тәуекелі бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандыру төлемі айдал әкету немесе ұрлау күніндегі су көлігінің нақты құнына сүйене отырып айқындалады, бұл ретте Сақтанушы оны тапқан жағдайда сақтандырушының пайдасына су көлігіне өз құқығынан бас тартады.

- 11.5. Сақтанушы сақтандыру жағдайынан кейін қалған мүлікten, бұлған болса да, бас тартуға құқылы емес.
- 11.6. Сақтандыру төлемі сақтандыру төлемінің сомасы шегінде заттай нысандағы залалды өтеумен ауыстырылуы мүмкін.
- 11.7. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды және сақтандыру төлемін жүзеге асырады немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды және сақтанушы айдан әкету немесе ұрлау кезінде барлық қажетті құжаттарды 30 (отыз) жұмыс күні ішінде, барлық басқа тәуекелдер бойынша 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ұсынғаннан кейін сақтанушыға дәлелді жазбаша бас тартуға жібереді. Бұл ретте, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандырушы бұл туралы сақтанушыға хабарлай отырып, егер үәкілетті органдардан қосымша ақпарат алу және/немесе Сақтандырушының сақтандыру жағдайына байланысты мән-жайларды анықтау жөніндегі ішшараларды жүргізу талап етілсе, бұл мерзімді үш айға ұзартса алады.
- 11.8. Сақтандырушының 90 күнтізбелік күн өткеннен кейін, сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтініш берілген сәттен бастап, егер 60 күнтізбелік күн өткеннен кейін сақтандырушы сақтанушыға/пайды алушыға құжаттарды сақтандырушыға беру қажеттілігі туралы еске сала отырып, хат жіберу әдісімен тиісті түрде хабарлаған болса, осы Ережелердің 10-тaraуында баяндалған құжаттар ұсынылмаған жағдайда сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы бар.
- 11.9. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандырушы жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшеріне азайтылған сақтандыру сомасы шегінде жауапкершілікті жалғастырады.
- 11.10. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмaganы үшін сақтандырушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.
- 11.11. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуына сақтанушы сотқа шағымдана алады.

## 12. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ

- 12.1. Сақтандыру шартына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар оларды жазбаша ресімдеген және Тараптардың үәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда заңды күшіне ие болады.
- 12.2. Сақтандыру шарты келесі жағдайларда тоқтатылады:
- 12.2.1. әрекет ету мерзімі аяқталса;
- 12.2.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтанушының таратылуы/қайтыс болуы немесе Сақтандырушының таратылуы;
- 12.2.3. сottың сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы;
- 12.2.4. Сақтандырушының сақтандыру сомасының толық мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру;
- 12.2.5. сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу кезінде кезекті сақтандыру жарнасын төлемесе; Бұл ретте төленген сақтандыру жарналары қайтарылмайды; Сақтандыру қорғаудың қолданысын қайта бастау мерзімі өткен сақтандыру жарнасы төленген күннен кейінгі күннен басталады. Бұл ретте шарттың қолданылу мерзімі сақтандыру қорғауды тоқтата түру қолданылған кезеңге ұзартылмайды;
- 12.2.6. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа жағдайларда.
- 12.3. Сақтандыру Шарты Сақтанушы немесе Сақтандырушының талабы бойынша, сондай-ақ, Тараптардың келімімен мерзімінен бұрын тоқтауы мүмкін.
- 12.4. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы Тараптар сақтандыру шартын бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын бір-бірін хабардар етуге міндетті.
- 12.5. Осы Ережелердің 12.5.1-тармағында сипатталған жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қолданыстағы нұсқасында көзделген шарттар бойынша Сақтанушының немесе Сақтандырушының талабы бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Сақтандырушы Сақтанушыға келесі формула бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады:

$$(100\% - 30\%) * \left( TCC - \frac{CC * i}{N} \right), \text{ мұнда:}$$

**30%** - Сақтандырушының істі жүргізуге арналған шығыстары;  
**TCC-сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысы;**  
**CC** - Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы;  
**i** - Пайдаланылған күндер саны (айналыс күні пайдаланылмаган болып есептеледі);  
**N-сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі (күндермен).**

12.5.1. Сақтанушы - жеке тұлғаның талабы бойынша сақтандыру шарты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қолданыстағы нұсқасында көзделген шарттар бойынша жасалған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға тәменгі формула бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады:

$$(100\% - 10\%) * \left( TCC - \frac{CC * i}{N} \right), \text{мұнда:}$$

**10%** - Сақтандырушының істі жүргізуге арналған шығыстары;  
**TCC-сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысы;**  
**CC** - Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы;  
**i** - Пайдаланылған күндер саны (жүгінген күні пайдаланылмаган болып есептеледі);  
**N** - Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі (күндермен).

- 12.6. Егер сақтандыру қорғаудың қолданылуын тоқтата тұру күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам уақытқа созылған жағдайда Сақтандырушының шартты бұзу туралы келісімді ресімдемей және сақтанушыны хабардар етпей, біржақты соттан тыс тәртіппен шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқығы бар. Бұл ретте Сақтанушы бұрын төлеген сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.
- 12.7. Сақтанушы шарттан бас тартқан кезде (ҚР АК 841-бабының 2-тармағы), егер бұл ҚР АК 841-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінде, ҚР АК 842-бабы 2-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, егер шартта өзгеше көзделмесе, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.

### 13. ФОРС-МАЖОР

- 13.1. Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындаған немесе тиісінше орындаған тарап, егер тиісті орындау еңсерілмейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезінде төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлардың салдарынан мүмкін емес болғандығын дәлелдесе, мүліктік жауаптылықта болмайды.
- 13.2. Форс-мажорлық жағдайларға, бірақ олармен шектелмейді мыналар жатады: су тасқыны, өрт, жер сілкінің және басқа да табиги апарттар, кез келген сипаттағы соғыстар немесе соғыс әрекеттері, блокадалар, мемлекеттік органдардың тыбыымдары.
- 13.3. Форс-мажорлық мән-жайлардың әсеріне тап болған Тарап осындай мән-жайлардың басталғаны туралы екінші Тарапқа 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.
- 13.4. Форс-мажорлық мән-жайлардың қолданылуы құзыретті органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.

### 14. СУБРОГАЦИЯ

- 14.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға, төленген сома шегінде Сақтанушының келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығы ауысады. Сақтанушы Сақтандырушыға залалды өтеуді талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды беруге міндетті.
- 14.2. Егер сақтанушы сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру Сақтанушының кінәсінен мүмкін болмаса, сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

## 15. ҚОСАРЛАНГАН САҚТАНДЫРУ

- 15.1. Шарт жасалған кезде және қолданылу кезеңінде сақтанушы сақтандырушыға осы сақтандыру объектісіне қатысты үқсас тәуекелдер бойынша қолданыстағы/жасалатын барлық сақтандыру шарттары туралы хабарлауға міндетті.
- 15.2. Қосарланған сақтандыру кезінде әрбір сақтандырушы сақтанушының алдында онымен жасалған шарт шегінде жауап береді, алайда Сақтанушының барлық сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.

## 16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 16.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі.
- 16.2. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда қайшылықтар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен қаралады.
- 16.3. Залалдың себептері мен мөлшері туралы қайшылықтар туындаған жағдайда Тараптардың әрқайсысы сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптама оны жүргізуді талап еткен Тараптың есебінен жүргізіледі.

## 17. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

- 17.1. Тараптардың келісімі бойынша осы Ережелерге сәйкес жасалатын сақтандыру шартына қосымша талаптар (сақтандыру ескертпелері, ұйғарымдар, алып тастаулар және т.б.) енгізілуі мүмкін.
- 17.2. Сақтандыру шартына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар оларды жазбаша ресімдеген және тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда заңды құшіне ие болады.